

Бейбарыс ауылдық округінің Бейбарыс ауылындағы жаңа көшеге атау беру туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы Бейбарыс ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 22 қарашадағы № 46 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 қарашада № 30707 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Бейбарыс ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып және Атырау облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 18 мамырдағы қорытындысының негізінде ШЕШТІМ:

1. Бейбарыс ауылдық округінің Бейбарыс ауылындағы жаңа көшеге Шин И Хен атауы берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Т. Даулбаев